

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

тауарларды сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына сәйкес <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жинақтылығына сәйкес Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Сатып алынатын тауардың тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ___ тиынды (___ теңге ___ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, <және ___ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)> кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді

төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азаюы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Тауар жеткізу фактісі бойынша, Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны) (егер Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Төлем шоты (шот-фактура) (егер Өнім беруші бейрезидент болса, инвойс) Актіге Тараптардың екеуі де қол қойғаннан кейін ұсынылады.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты (егер Жеткізуші бейрезидент болса инвойс) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін Өнім беруші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі күнтізбелік 5 (бес) күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.7. Тараптар қажеттілікке қарай Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған тиісті акт жасай отырып, екі жақты тәртіппен өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіге Тауарды жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;

2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарды Акт негізінде қабылдауға;

- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізген қамтамасыз етуді қайтаруға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болғанда).
- 5) Шарттың 3.3-тармағы 20) тармақшасының талаптарын ескере отырып, белгіленген тәртіппен Жеткізуші қызметкерлерінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Тапсырыс берушінің аумағына кіруін қамтамасыз етуге;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқама және жұмыс орындарында нұсқама өткізуге;
- 7) Жеткізуші тартқан қызметкерлерге Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдер бойынша нұсқама жүргізуге;
- 8) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;
- 2) Жеткізушінің жеткізген Тауардың саны мен сапасына, Тауардың жеткізу барысын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- 3) Тауарды қабылдау-өткізу барысында және/немесе кепілдік мерзімі кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, толықтығына және (немесе) моделіне сәйкессіздіктер, олқылықтар қателер, іркілістер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оны жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруды немесе ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге, не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;
- 4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;
- 5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 7) Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта қарастырылған мерзімде және тәртіпте, негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).
- 8) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды

қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағында, жұмыс учаскілері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуын талап етуге;

9) Жеткізушіден электр қондырғыларын пайдалану тәртібін реттейтін стандарттардың талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап етуге;

10) Жеткізушіден оның өкілдерінің Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режимдер талаптарын сақтауды талап етуге;

11) Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ақы төлемеуге;

12) Шарт талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушіге есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұл айыппұлдар) алып тастап төлем жүргізуге;

13) Шарттың 2.2-тармағында көрсетілген қағаз тасымалдауыштағы немесе электронды түрдегі құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда, Жеткізушіге қағаз тасымалдауыштағы құжаттарды қайтаруға немесе себептерін көрсете отырып, электронды құжатты қабылдауға келісім бермейтіні туралы хат жолдауға;

14) Тауар Шарт талаптарына сәйкес келмеген және/немесе техникалық бақылаудан (сынақтан) өтпеген жағдайда, өз тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз Тауарды ауыстыруды талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;
- 2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;
- 3) Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-өткізу барысында және/немесе кепілдік мерзімі кезеңінде ақауларды анықтаған жағдайда, оны Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өз есебінен жаңа, бағасы бірдей және тиісті сападағы (немесе сапалық сипаттамалары жақсартылған) Тауарға ауыстыруға;
- 4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 1 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;
- 5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тараптардың Шартқа қол қойған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының 3 % (үш) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

11) Тапсырыс берушіге ҚР СТ 2.254-2012 сәйкес зертханадағы өлшемдердің жай-күйін бағалау туралы куәліктің көшірмесін ұсынуға;

12) Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша (плазманың тұтануы немесе тұрақтылығы болмаған жағдайда) Жеткізушінің есебінен Тауарды зертханаға (оның ішінде Жеткізушіден тәуелсіз) сынауға жіберуге. Зертхана Тапсырыс берушімен келісім бойынша таңдалады;

13) Тауарды Тапсырыс берушінің орналасқан жеріне өз көлігімен жеткізуге және оны аргон-таратқыш пунктке (рампаға) орнатуға;

14) Баллондардың толық толтырылуын қамтамасыз етуге, МЕМСТ 10157-2016 «Газ тәрізді және сұйық аргон. Техникалық шарттар» сәйкес баллондардағы қысым кемінде 150 кгс/см² құрайды;

15) баллонның берілген күні, нөмірі, техникалық күні техникалық куәландырған күні (айы, жылы) көрсетілген Тауардың тізімін және Тауарға арналған паспортты ұсынуға;

16) Тауар партиясын әр жеткізу кезінде МемСТ 10157-2016 «Газ тәрізді және сұйық аргон» талаптарына сәйкес келетін Тауарға паспорт ұсынуға;

17) Тауарды Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген «Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының» (бұдан әрі – Қағидалар) талаптарын сақтай отырып жеткізуге. Баллондарды куәландыру мерзімдері Қағидаларда белгіленген нормаларға сәйкес болуы тиіс. Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін баллондар ауыстырылуы тиіс;

18) Тапсырыс берушінің алғашқы талап етуімен Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

19) Жеткізушінің Шарт талаптарын орындамауынан және/немесе тиісінше орындамауынан және/немесе өзге заңсыз әрекеттерінен туындаған, Тапсырыс берушіге келтірген шығындарды толық көлемде өтеуге;

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын):

олардың аты-жөнін көрсетіп, жеке бастарын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін қоса беріп, Тауар жеткізуге тартылатын қызметкерлерді Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағына кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздеумен бірге, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымал компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарды (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатты дискілерді және басқаларын), бейне, кино, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз қалта телефондарын (WI-FI, WI-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімді модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, автокөлікті (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (хат жіберуге (қажет болған жағдайда беріледі);

21) Орталық аумағына және ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын құжаттың болуына, оны көрсетуге және (кірген/шыққан кезде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге (уақытша рұқсат қағазы бойынша рұқсат берілген жағдайда, ғимаратқа кірген кезде оны өткізу бюросына көрсетуге);

22) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі - БӨП) көлік шлюзі арқылы жіберілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, әкелінетін құндылықтарға ілеспе құжаттарын көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

23) Орталықтың аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға:

атыс қарулары, суық қару мен оқ-дәрілер;

адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға, не ағзаның органдары мен жүйелерінің функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдары, бейне -, кино-және фотоаппаратуралар, жазу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдауыштарды (флеш-карталар, USB-дискілер және басқалар), мобильді байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілер мен Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және т.б.) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғылар, оның ішінде сымсыз құрылғылар;

уландырғыш заттар және күшті әсер ететін улы заттар;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар;

радиоактивті заттар;

психотроптық заттар, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын заттар;

алкогольдік сусындар, есірткі заттары, тез тұтанатын сұйықтықтар (өндірістік мақсаттарға қажеттілерді қоспағанда);

24) Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің ғимараты мен аумағында, жұмыс учаскілері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

25) Тауарды аргон-тарату пунктіне (рампаға) орнатуды бастағанға дейін қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқамадан және жұмыс орындарында нұсқамадан өтуге жіберуге;

26) Тауарды орнатқан кезде Қазақстан Республикасының санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өрт қауіпсіздігі және басқа да талаптарына жауап беретін жабдықтар мен сапалы материалды пайдалануға;

27) Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режим ережесі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

28) Тауарды орнату кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты болуға;

29) Жеткізушінің қызметкерлері келген күні, олардың Тауарды жеткізу кезінде алған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпейтіндері туралы міндеттемеге қол қоюларын қамтамасыз етуге;

30) Шарт бұзылған жағдайда Өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға және Тапсырыс берушіге жіберуге;

31) Тапсырыс берушіге Тауар жеткізу күні, Тауарды алып келетін көліктің нөмірі туралы жазбаша хабарлауға, сондай-ақ Тауарды қабылдау-өткізуге қатысатын өкілдерінің деректерін хабарлауға;

32) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға

және Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;

33) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға.

2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Жеткізуші Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде, Тапсырыс берушіге қажетті көлемде.

4.2. Тауарды жеткізу орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғылы, № 511 үй.

4.3. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың сапасын Тауарды қабылдау кезінде тексереді. Тапсырыс беруші жеткізілетін Тауардың санын Тапсырыс берушінің аумағында Жеткізушінің уәкілетті өкілінің қатысуымен бақылайды.

Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге пошта, факс, электрондық пошта және басқалар арқылы жазбаша хабарлама жібереді.

4.4. Ақаулар болмаған немесе оларды жойған жағдайда, Жеткізуші мен Тапсырыс беруші Актіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды. Акті Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

4.5. Тауарды жеткізу және қабылдау-тапсыру жұмыс күндері Алматы уақытымен сағат 09.00-ден сағат 17.00-ге дейін Тапсырыс берушінің орналасқан Алматы қ., Райымбек даңғылы, № 511 үй мекенжайы бойынша жүргізіледі.

4.6. Шарт аясында жеткізілетін Тауар Шартқа 2-қосымшада көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.7. Тауарға берілген меншік құқығы Тараптардың уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге өтеді.

4.8. Тапсырыс беруші Тауарды:

1) саны мен сапасы бойынша - жүкқұжатқа, Шарттың 3.3-тармағының 15) тармақшасында көрсетілген құжаттарға сай;

2) бағасы бойынша - Шарт талаптарына сай қабылдайды.

4.9. Жеткізуші Шартқа 2-қосымшада көрсетілген талаптарға нақты сәйкес келетін Тауарды Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда, Тауар жеткізілген болып саналады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 1 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезінде жеткізілген Тауардың ақаулары анықталған жағдайда, Тапсырыс

беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жөнелтеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды өз есебінен жоюға немесе ақауы бар Тауарды жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда – ақауы бар Тауарды жаңа, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсас (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру күнін немесе ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында ақауы бар Тауар құнынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ төлеуге тиіс сомадан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жариялау салдарынан туындаған

зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.11. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық мөлшерде қайтарады (алдын ала төлем болғанда). Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болмағанда). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық мөлшерде қайтарады (алдын ала төлем болғанда).

6.12. Жеткізуші Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залалдар мен шығындарға, өз қызметкерлерінің және қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлері мен қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің өліміне байланысты және Шартты орындау барысында және соның салдарынан туындайтын барлық тәуекелдер үшін жауапкершілік алады.

6.13. Жеткізушінің кінәсінен өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар орын алған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге келтірілген залалды жоюға кеткен барлық шығындарды Тапсырыс беруші төлем шоты мен еркін нысанда ресімделген және Тараптардың өкілдері қол қойған Келтірілген залал актісін берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді. Өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар болу фактісін тиісті мемлекеттік органның өрт сөндіру, апаттар мен жазатайым оқиғаларды жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты бөлімшелері растайды. Келтірілген залал сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы анықтайды. Бұл ретте бағалау шығындарын Жеткізуші төлейді. Жеткізуші оның кінәсінен болған өрт, апаттар, жазатайым оқиғалар салдарын өзінің жеке ресурстары мен қаражаты есебінен жоюға құқылы.

Келтірілген залалдың салдарын жою мерзімі келтірілген залалдың көлеміне байланысты

комиссия арқылы анықталады және еркін нысанда ресімделген және Тараптардың өкілдері қол қойған Келтірілген залал актісінде көрсетіледі.

6.14. Жеткізуші Жұмысты орындау кезінде Жеткізушінің және қосалқы мердігерлердің қызметкерлерімен болған барлық жазатайым жағдайларға жауапкершілік алады, соның ішінде қызметкерлердің:

1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларын;

2) электр қондырғыларын пайдалану тәртібін реттейтін стандарттар талаптарына сәйкес электр қондырғыларын пайдалану кезінде электр қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтамағаны үшін жауап береді.

6.15. Аргонды жеткізу кезінде Жеткізуші Тапсырыс берушінің аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің құқықтық актілерінде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға қатысты іс-әрекеттер үшін толық жауапкершілік алады, сондай-ақ Жеткізуші қызметкерлерінің іс-әрекеттерімен Тапсырыс берушіге келтірілген залал сомасын өтейді.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3 Тапсырыс беруші мына жағдайларда:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзушылықтар анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылғанда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап, бірақ 2025 жылғы 01 қаңтардан кейін күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады (Шартта Жеткізушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болмаған кезде).

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >
<Тапсырыс беруші нің ЖСК >
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

